

«Бекітемін»  
«Балауға» бөбекжай-балалық бекеті МКҚК  
менеджершісі А.М.Жансегітова



Қаралды  
«Балауға» бөбекжай-балалық бекеті МКҚК  
здіктері Ж.Ж.Сағибаева

# «Балапан» тобының 2024-2025 оқу жылындағы ата-аналар жұмыс жоспары



Өткізген: **Нышанова Г.Ә**  
**Аденова А.А**

2024-2025 оқу жылы

«Бекітемін»  
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
менгерушісі А.М.Жанекешова



Қаралды:   
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК  
әдіскері Ж.Ж.Сағызбаева

«Балауса» ортаңғы тобының 2024-2025 оқу жылына арналған

**ата-аналармен жұмыс жоспары**

**Мақсаты:** Балаларды ата-аналармен біріге жұмыс жасай отырып, өзара қарым - қатынасын жақсарту. Ата-ананың балабақша өміріне қызығушылығын ояту. Балалардың рухани адамгершілікке тәрбиелей отырып, жан-жақты дамуына бірлесе жұмыс жасау.

| № | Тақырыбы  | Жұмыс түрі                                   | Мерзімі   | Жауаптылар                                      |
|---|---|--|-----------|---|
| 1 | 1 Ата – аналарды 2024 – 2025 оқу-жылының жоспары мен таныстыру.                 | Жиналыс                                      | Қыркүйек  | Тәрбиешілер<br>Нышанова Г.<br>Аденова А.        |
| 2 | Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы».                                | Баяндама.                                    | Қазан     | Тәрбиешілер,<br>ата-аналар                      |
| 3 | Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес                          | Ата аналарға кеңес.                          | Қараша.   | Тәрбиешілер                                     |
| 4 | 1 Мерекелік шара: Жаңа жылдық қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру.              | Ата-аналармен бірге колөнер жасау<br>жиналыс | желтоқсан | Тәрбиешілер,<br>музыка жетекшісі, ата-аналар    |
| 5 | Мед Баяндама «Тұмау»  | Ата аналарға кеңес                           | Қаңтар    | Медбике:<br>Аймуратовна Г.                      |
| 6 | «Шынықсаң – шымыр боласың»  | Эстафеталық жарыс                            | Ақпан     | Тәрбиешілер,<br>ата-аналар                      |
| 7 | Наурыз мерекесі: «Ата-аналардың қатысуымен ұлттық ойындар, қойылымдар».         | Мерекеге дайындық                            | Наурыз    | Тәрбиешілер,<br>музыка жетекшісі,<br>ата-аналар |
| 8 | Кеңес: «Бос уақытты қалай пайдаланасың»   | Ата аналарға кеңес                           | Сәуір     | Тәрбиешілер,<br>ата-аналар                      |
| 9 | Қорытынды ата-аналар жиналысы: «Жыл жетістіктері: бір жылдағы даму нәтижелері». | Жиналыс                                      | мамыр     | Тәрбиешілер,<br>ата-аналар.                     |

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Ашық есік күні: Ата-аналарды топтың оқу және ойын материалдарымен таныстыру.**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Қыркүйек 2024 жыл**

## **Ашық есік күні: Ата-аналарды топтың оқу және ойын материалдарымен таныстыру.**

### **Іс-шараның жоспары:**

#### **1. Қарсы алу және кіріспе (10 минут):**

##### **• Тәрбиешінің сөзі:**

- Қатысушыларды жылы қарсы алып, іс-шараның мақсатын түсіндіру: *"Құрметті ата-аналар! Бүгін біз сіздерді балаларыңыздың күнделікті өмірімен, қолданылатын оқу және ойын материалдарымен таныстырамыз. Бұл сіздерге балабақшадағы оқыту процесінің қалай ұйымдастырылатынын көруге мүмкіндік береді.*

#### **2. Топтағы оқу және ойын материалдарымен таныстыру (20-30 минут):**

##### **а) Оқу материалдары:**

##### **1. Сурет кітаптары мен оқу құралдары:**

- Тәрбиеші балалардың күнделікті қолданатын кітаптарын көрсетеді.
- Білім беру бағдарламасына сәйкес тақырыптарды түсіндіреді.

##### **2. Дидактикалық материалдар:**

- Балалардың логикалық ойлауын, танымдық қабілеттерін дамытуға арналған карточкалар, пазлдар және тақырыптық құралдар.

##### **3. Жазу және сурет салу материалдары:**

- Тақта, бояу құралдары, түрлі-түсті қағаздар.

##### **ә) Ойын материалдары:**

##### **1. Дамытушы ойыншықтар:**

- Конструкторлар, мозаика, математикалық ойындар.
- Құрылыс ойыншықтары арқылы кеңістіктік ойлауды дамыту.

##### **2. Рөлдік ойындарға арналған құралдар:**

- Қуыршақ үйі, асүй ойыншықтары, дәрігер немесе құрылысшы жиынтықтары.

##### **3. Қимыл-қозғалыс ойындарына арналған материалдар:**

- Доптар, секіртпе, шеңберлер, тепе-теңдік тақтайшалары

#### **3. Топтың күн тәртібімен таныстыру (15 минут):**

##### **• Тәрбиеші күн тәртібінің әр кезеңін түсіндіреді:**

- **Таңертеңгі жаттығу:** Балаларды белсенді қозғалысқа ынталандыру.
- **Оқу іс-әрекеттері:** Қызықты және танымдық сабақтар өткізу.
- **Ойын және серуен:** Балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту.
- **Түскі ас пен демалыс:** Баланың физикалық және эмоционалдық қалпын қалпына келтіру.

#### **4. Ата-аналардың қатысуымен тәжірибелік бөлім (20-30 минут):**

##### **• Балалармен бірлескен әрекет:**

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Қазан 2024 жыл**

## **Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»**

**Мақсаты:** Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.

Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақша жұмысының ынтымақтастығын жандандыру.

### **Күн тәртібінде:**

- 1. «Бізбен бірге қайтала» Музыка әуенімен залға билеп кіреді.**
- 2. «Ерекше сәлемдесу»**
- 3. «Есімін білесің бе?»**

Сәлеметсіздер ме, құрметті менің ақылды балаларымның ата-аналары. Бүгінгі біздің «Жұлдыз» ортаңғы тобының 2023 оқу жылындағы өткізгелі отырған «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» атты ата-аналар жиналысына Қош келіпсіздер! Биылғы 2023-2024 оқу жылында тобымызда 25 бала қабылданды. Соның ішінде 15- қыз бала, 10- ұл бала бар. Ортаңғы топ болып есейдік. Енді бізге жауапкершілік арта түседі. Сол себепті, балалармен ата-аналармен жасайтын жұмыстар күрделенеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жоғалтпай, одан 2-3 есе мықты қылайық. Біздің ата-аналарымыз КЕРЕМЕТ дейтіндей болайық.

Осы орайда, сіздермен ата-аналар өзара араларындағы байланысты анықтау үшін «Есімін білесің бе» атты тренингті өткізгім келіп тұр.

### **3. «Есімін білесің бе?» атты тренинг.**

**Шарты:** Есімдері жазылған пакетті бір-біріне береді. Ең соңындағы адам пакет ішіндегі затты алады.

Ата-аналарды мадақтау. 3 рет шапалақ.

Жақсы көңіл күймен жиналысымызды жалғастырамыз.

- **Ендігі кезекті бақшамыздың меңгерушісі Айсұлу Мақсотқызына береміз.**
- **Медбике: Аймуратовна Г. «Қызылша ауруынан сақ болайық»**

4. Бала бақша ұжымы мен отбасының мақсат-міндеттері бір. Ол-біздің алдымызда отырған тап-таза жүректі балаларымызды тәрбиелі етіп өсіру. Осы орайда

- **5. «Баламның бейнесі» Ақ парактан баланың сұлбасын қайшысыз қолмен жасау.**

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы...» деген екен.

Міне осындай ақ парактай тап –таза жүректі балаларымызды **тәртіпті,**

**әдепті,**

**ұқыпты,**

**енбекқор,**

**адал,**

**әділ,**

**ақылды,**

**қабілетті,**

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Қараша 2024 жыл**

### **Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес**

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
- бала тәрбиесі, бала, ата аналарға кеңестер, пайдалы кеңестер, ата аналарға кеңес
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермеленіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

**«Балауса» бобекжай-балабақшасы.**

**Мерекелік шара:  
Жаңа жылдық қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру.**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Желтоқсан 2024 жыл**

## **Іс-шара жоспары:**

### **1. Дайындық кезеңі:**

#### **1. Шығармашылық жұмыстарды жинау:**

- Балалардың суреттерін, аппликацияларын, мүсіндерін және басқа қолөнер бұйымдарын дайындау.

#### **2. Фотосуреттер жинағы:**

- Балалардың шығармашылық жұмыстары барысында түсірілген фотосуреттерді жинап, сұрыптау.

- Әр баланың жеке фотосуретін және жұмысының нәтижесін қосу.

#### **3. Фотокөрме аймағын дайындау:**

- Әдемі безендірілген стендтер, тақталар немесе арнайы үстелдер орнату.

- Әр жұмыстың астына баланың есімі мен жұмысының атауын жазу.

#### **4. Ата-аналарға шақыру:**

- Көрме туралы алдын ала хабарлап, ата-аналарды қатысуға шақыру.

### **2. Фотокөрменің ашылуы (10 минут):**

#### **• Тәрбиешінің сөзі:**

- Қатысушыларды жылы қарсы алып, фотокөрменің мақсаты мен маңызын түсіндіру.

- *"Құрметті ата-аналар, бүгін біз сіздерге балаларымыздың еңбегі мен шығармашылығын көрсетеміз. Бұл жұмыстар олардың қаншалықты талантты, еңбекқор және қиялшыл екенін дәлелдейді."*

#### **• Балалардың қысқа қойылымы:**

- Балалар күз, қыс немесе табиғат тақырыбында ән айтып немесе тақпақтар оқиды.

### **3. Фотокөрмені тамашалау (20-30 минут):**

#### **а) Көрме экспозициялары:**

#### **• Суреттер галереясы:**

- Балалардың әртүрлі техникамен салған суреттерін көрсету (акварель, гуашь, фломастер).

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Баяндама. «Тұмауды қарсы алу»**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Қаңтар 2025 жыл**

**Тұмауды алдын алудың ең тиімді жолы – балалардың иммунитетін**

**нығайту және инфекциялардың таралуын азайту.**

**Тұмауды алдын алудың ең тиімді жолы – балалардың иммунитетін**

**нығайту және инфекциялардың таралуын азайту.**

2-5 жас аралығындағы балалар үшін ата-аналарға арналған 10 кеңес:

**1. Тұмауға қарсы вакцинация**

Баланың жасына сәйкес тұмауға қарсы екпе алуды қамтамасыз етіңіз. Бұл тұмаудан қорғаудың ең тиімді әдісі.

**2. Дұрыс тамақтану**

Баланың мәзірінде көкөністер, жемістер, дәнді дақылдар мен белоктарға бай тағамдар болуы тиіс. Олар иммундық жүйені нығайтады.

**3. Суды жеткілікті ішу**

Балаға күні бойы жеткілікті мөлшерде таза су ішуді қамтамасыз етіңіз.

**4. Қолды жиі жуу**

Баланы қолын сабынмен дұрыс жууға үйретіңіз. Бұл вирустардың таралуын азайтады.

**5. Гигиенаны сақтау**

Баланың ойыншықтары мен тұрмыстық заттарын жиі жуып, тазалаңыз.

**6. Жақсы ұйқы**

Балаға жеткілікті ұйқы қажет. 2-5 жас аралығындағы балалар үшін тәулігіне шамамен 10-12 сағат ұйқы ұсынылады.

**7. Дене белсенділігі**

Баланы таза ауада белсенді қимыл жасауға ынталандырыңыз. Бұл денсаулығын нығайтады.

**8. Бөлмені желдету**

Үй-жайды күнделікті желдетіп, ауаның таза болуын қамтамасыз етіңіз.

**9. Жеке қорғаныс құралдары**

Тұмау кезеңінде адам көп жиналатын орындарға барудан аулақ болыңыз. Қажет болса, медициналық маска қолдануды үйретіңіз.

**10. Аурудың алғашқы белгілерін бақылау**

Баланың әлсіздік, мұрынның ағуы немесе қызу сияқты белгілері пайда болса, дәрігерге жүгініңіз.

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**«Шынықсаң- шымыр боласың»**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Ақпан 2025 жыл**

## **Шынықсаң шымыр боласың (эстафеталық жарыс) ата-аналармен.**

Эстафеталық жарыс Шынықсаң шымыр боласын

Жүргізуші: Құрметті балдырғандар, спортшылар! Сіздерді «Шынықсаң шымыр боласын» атты эстафеталық жарысқа қатысуға шақырамыз! Сіздерге зор ден - саулық «жарыста» сәттілік тілейміз. Ортаға жарысқа түсетін үш топты шақырамыз:

№1топ -«Тұлпар» командасы

№2топ -«Жеңіс» командасы

№3топ -«Қыран» командасы

Командалар сәлемдесуі.

«Тұлпар»командасынан жалынды сәлем.

«Жеңіс»командасынан жалынды сәлем!

«Қыран»командасынан жалынды сәлем!

Жүргізуші: Міне, балалар шықты аланға, Жас спортшылар жеке - жеке команда.

Ал, балалар өздеріңді танытындар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанда!

Такпак: Дене шынықтыру керек бәрімізге!

Дарига: Жаттығу ырғағы қосылады әніме

Дене шынықтыру жалқаулыққа жол бермей,

Ауру сырқауды жолатпайды тәнімізге!

Ал, канекей бір - бірімізді қостаймыз,

Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.

«Жеңіске»жетеміз деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Жүргізуші: «Алақай»деген ұранды ортаға біз тастаймыз.

Жарысымызды денені қыздырудан бастаймыз.

Эстафета 5таптаптан тұрады: 1 - этап «Кім жылдам?»

Шарты: Доппен секіріп, жылдам келу.

2 - этап: «Жалауды тез жеткізу»

Шарты: Кегліді айналып жүріп, жалаушаны 2 - балаға жеткізу

3 - этап: «Жүйрік ат»

Шарты: Шарды екі аяғына қысып секіру

4этап: «Шебер»

Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу.

5 - этап: «Жаңа орын»

Шарты: бірінші бала айналып жүгіреді, екінші баланың қолынан ұстап, орындыққа отырғызады.

Жүргізуші: Бүгін міне, оң болып әр ісіміз,

Жоғары боп күш жігер намысымыз.

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталды халайық жарысымыз!

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Шеберлік сағаты: «Ұлттық қолөнер жасауға ата-аналарды тарту»  
«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Наурыз 2025 жыл**

## **Шеберлік сағаты: «Ұлттық қолөнер жасауға ата-аналарды тарту»**

### **Мақсаты:**

Ата-аналарды ұлттық қолөнердің ерекшеліктерімен таныстыру.

Балалар мен ата-аналарды бірге жұмыс істей отырып, ұлттық дәстүрлерге қызығушылықтарын арттыру.

Қолөнер жасау арқылы отбасылық қарым-қатынасты нығайту және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

### **Жоспар:**

#### **1. Кіріспе бөлім (10 минут):**

Тәрбиешінің сөзі:

Қатысушыларды қарсы алу және іс-шараның мақсатын түсіндіру.

*"Ұлттық қолөнер – бұл халқымыздың тарихы мен мәдениетінің бір бөлігі. Бүгін біз бірге шығармашылық жұмыстар жасап, өз қолымызбен ұлттық құндылықтарды жандандырамыз."*

Ұлттық қолөнердің маңыздылығы:

Қазақ халқының қолөнерге қатысты дәстүрлері (киіз басу, ою-өрнек, құрақ құрау, зергерлік).

Қолөнер арқылы эстетикалық талғам мен шыдамдылықты дамыту.

#### **2. Материалдар мен құралдарды таныстыру (10 минут):**

Қажетті материалдар:

Түрлі-түсті мата, киіз, жіп, моншақ, қайшы, ине-жіп, желім, ою үлгілері.

Дайын шаблондар: ұлттық оюлар, құрақ, киіз бұйымдары.

Әр материалдың қолдану тәсілдерін түсіндіру.

#### **3. Қолөнер жасау процесі (30–40 минут):**

##### **а) Шығармашылық тапсырмалар:**

«Ою-өрнекпен безендіру»:

Мақсаты: Матаның үстіне оюларды желімдеу немесе тігу.

Жұмыс барысы:

Дайын үлгіден оюды қиып, матаға орналастыру.

Желіммен немесе ине-жіппен бекіту.

«Киізден бұйым жасау»:

Мақсаты: Киізден шағын сәндік бұйымдар (алқа, білезік немесе кәдесый) жасау.

Жұмыс барысы:

Киізден қажетті пішіндерді қиып, оларды біріктіру.

Жіппен немесе моншақпен әшекейлеу.

«Құрақ құрау»:

Мақсаты: Түрлі-түсті маталардан ұлттық құрақ құрастыру.

Жұмыс барысы:

Маталарды кішкене төртбұрыштарға немесе үшбұрыштарға бөліп, өрнек құрастыру.

Элементтерді тігіп біріктіру.

##### **ә) Тәрбиешілердің көмегі:**

Жұмыс барысында тәрбиешілер ата-аналар мен балаларға қолдау көрсетеді, бағыт береді.

#### **4. Дайын жұмыстарды көрсету және талқылау (15 минут):**

Қатысушылар өз жұмыстарын таныстырады.

Әр отбасы өз қолөнерінің қандай идеяны немесе дәстүрді бейнелейтінін айтады.

#### **5. Қорытынды және марапаттау (10 минут):**

Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

*"Ұлттық қолөнер – халқымыздың мол мұрасы. Бүгінгі жұмыстарымыз осы дәстүрлерді сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Баршаңызға шығармашылық еңбектеріңіз үшін алғысымды білдіремін!"*

Марапаттар:

Барлық қатысушыларға алғыс хаттар немесе шағын сыйлықтар.

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Кеңес: «Бос уақытты қалай пайдаланасың»  
«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Сәуір 2025 жыл**

### **Ата-ана мен балаға байланысты жағдаяттарды шешу.**

Үрленген шардың ішінде жағдаяттар жазылған. Сіздер сол шарды жарып, ішіндегі жағдайды оқып, сол жағдайдан шығу жолдарын ұсыныңыздар.

1. Сіз балаңызбен саябақта қыдырып жүріп, өсіп тұрған әдемі гүлдердің біреуін жұлып алдыңыз. Сол кезде балаңыз сізге: «Ана, ол гүлді неге жұлып алдың? олай жасауға болмайды ғой»- деген сөзін естігенде сіз не істейсіз? Балаға қандай жауап қайтарасыз?

2. Сіз балаңызбен аулаға серуендеп, балаңызбен ойнап келуге шықтыңыз. Ойын алаңында сіздің балаңызбен тектес жасар балалар ойнап жүр. Сіздің балаңыз да сол балалардың қастарына ойнауға барды. Бірақ басқа балалар сіздің балаңызды ойынға қоспай тұр. Ал сіздің балаңыз мұңайып, жылап тұр. Сол кезде сіз қандай әрекет етер едіңіз?

*Ата-аналардың жауабы.*

Барлықтарыңыз білесіздер біз балабақшада бір тәрбие берсек, үйде бала басқа тәрбие алады. Сондықтан да, үйдегі тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыру үшін біз сіздерден мына сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймыз.

Ол үшін нөмірленген асықтарды сіздер тандайсыздар, сол нөмірдің сәйкесінше сіздерге сұрақтар қойылады.

### **Сауалнама.**

1. Егер балаңыз балабақшаға келгісі келмесе, қандай амалдар қолданасыз?
2. Балаңызға жиі-жиі ертегі айтып бересіз бе?
3. Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?
4. Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?
5. Өзіңіздің балалық шағыңыз туралы балаңызға айтасыз ба?
6. Баламен қандай тілде сөйлесесіз?
7. Өзіңіздің бала кезіңіздегі тәрбие мен қазіргі кездің тәрбиесінің айырмашылығы бар ма? Қандай?
8. Бала тәрбиесінде сізге кездескен қиыншылықтар, оны шешудің жолы қандай?
9. Балаңыздың денсаулығына қалай көңіл бөлесіз?
10. Балаға ойыншық алғанда ойланып аласыз ба, әлде кез кеген ойыншықты ала бересіз бе?

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы.**

**Тақырыбы: «Жыл жетістіктері: бір жылдағы даму нәтижелері»**

**«Балапан» ортаңғы тобы.**

**Тәрбиешілері: Нышанова Г.  
Аденова А.**

**Мамыр 2025 жыл**

**Тақырыбы: «Жыл жетістіктері: бір жылдағы даму нәтижелері»**

**Мақсаты:**

Ата-аналарға балалардың жыл бойындағы даму нәтижелері мен жетістіктерін таныстыру.  
Тәрбиеші, ата-аналар және балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.  
Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын шығару.

**Жоспар:**

1. Қарсы алу және жиналыстың ашылуы (5-10 минут):

Тәрбиешінің сөзі:

Қатысушыларды жылы қарсы алу және жиналыстың мақсатын түсіндіру.

"Құрметті ата-аналар! Бүгін біз өткен жылды қорытындылап, балаларымыздың жетістіктері мен дамуын бірге атап өтеміз. Баршаңыздың қолдауларыңыз үшін алғысымызды білдіреміз."

2. Балалар жетістіктерін таныстыру (15-20 минут):

а) Тәрбиешінің баяндамасы:

Балалардың физикалық, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және тілдік дағдыларының дамуы туралы ақпарат.

Тақырыптық бөлімдер:

Физикалық даму: таңғы жаттығулар, қозғалыс ойындары, спорттық жетістіктер.

Танымдық даму: жаңа түсініктер мен дағдыларды меңгеру, ойындар арқылы логикалық ойлауды дамыту.

Шығармашылық даму: сурет салу, колөнер, музыка және би.

Әлеуметтік даму: достық қарым-қатынас, өзара сыйластық, ортақ жұмысқа қатысу.

ә) Балалардың жұмыстарының көрмесі:

Балалар жасаған суреттер, колөнер бұйымдары және шығармашылық жобалар ұсынылады.

Ата-аналар балалардың шығармашылық жұмыстары мен суреттерін көріп, пікір білдіреді.

3. Видео немесе фотопрезентация (10-15 минут):

Балалардың жыл бойындағы қызықты сәттерін бейнелейтін видео немесе фотосуреттер көрсетіледі.

Презентация барысында тәрбиеші әр сәтті түсіндіріп, балалардың қалай дамығанын атап өтеді.

4. Ата-аналардың пікірі мен ұсыныстары (15 минут):

Сұрақтар:

Балаларымыздың жыл бойындағы дамуына көңілдеріңіз тола ма?

Балабақшадағы қандай іс-шаралар ерекше есте қалды?

Балабақшаның жұмысын жақсарту үшін қандай ұсыныстарыңыз бар?

Ата-аналар өз ойларын ортаға салады және тәрбиешілермен тәжірибе алмасады.

5. Балалар қойылымы (10-15 минут):

Балалардың ән айтып, би билеуі немесе қысқа қойылым көрсетуі.

Мысалы, балалар жыл бойында жаттаған тақпақтар немесе әндерді орындауы мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар балаларының дамуы мен жетістіктері туралы толық ақпарат алады.

Балалар өз жетістіктеріне мақтанады және жаңа оқу жылына деген ынталары артады.

Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс нығаяды.

**Ұраны:**

**"Балалардың жетістігі – ортақ қуанышымыз!"**